КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 04 тамыз №5265-25-00-2/2127 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Д.М.Конысбаеваның төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№4 қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
дара кәсіпкер «IKIGAI Group» атынан әрекет етуші Аманбек Әсел Сейілқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2. тұрақсыздық айыппұлын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№4 қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қоюы –қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «IKIGAI Group» атынан әрекет етуші Аманбек Әсел Сейілқызы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «IKIGAI Group» атынан әрекет етуші Аманбек Әсел Сейілқызынан мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж салығы 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге өндірілсін.

Дара кәсіпкер «IKIGAI Group» атынан әрекет етуші Аманбек Әсел Сейілқызынан Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№4 қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына тұрақсыздық айыппұлы 11 040 (он

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 04.08.2025

Заңды күшіне енген күні: 16.09.2025, судья Конысбаева Д. М., 16.09.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

бір мың қырық) теңге, төленген мемлекеттік баж салығы 332 (үш жүз отыз екі) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы келтіруі мүмкін.

Судья **Д.М.Конысбаева**

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 04.08.2025

Заңды күшіне енген күні: 16.09.2025, судья Конысбаева Д. М., 16.09.2025

5265-25-3-1/2237